

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушы және қылмыс жасаған субъектілер туралы деректер банкі қалыптастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 19 тамыздағы N 157.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.07.24. N 105 өкімімен.
~R000105

"Сыбайлас жемқорлық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығын орындау үшін, олардың мемлекеттік қызметке мүмкін болатын қайтадан кіруін болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушы және қылмыс жасаған субъектілер туралы деректер банкі қалыптастыру үшін:

1. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика мен ақпараттар орталығына есепті айдан кейінгі айдың 5 күніне жағымсыз себептер бойынша босатылған мемлекеттік қызметшілер туралы мәлімет ұсынсын.

2. "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығы күшіне енген сәттен бастап тәртіптік қылықтары, оның ішінде билігі мен қызмет жағдайын теріс пайдаланғаны, қызметтік әдеп ережесін бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған адамдар жөнінде де мәліметтер болуы тиіс.

Премьер - Министрі